



Жаңақала ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы

Батыс Қазақстан облысы Жаңақала аудандық мәслихатының 2020 жылғы 13 мамырдағы № 49-2 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 14 мамырда № 6231 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 13 сәуірдегі № 98 "Батыс Қазақстан облысында коммуналдық қалдықтардың түзілу мен жинақталу нормаларын есептеу қағидаларын бекіту туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3914 тіркелген) сәйкес, Жаңақала аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Жаңақала ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары бекітілсін.

2. Аудандық мәслихат аппаратының басшысы (С.Успанова) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы
Мәслихат хатшысы*

*Р. Саматов
З. Сисенғали*

Аудандық мәслихатының
2020 жылғы 13 мамырдағы
№ 49-2 шешіміне қосымша

Жаңақала ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	м ³ /жыл
1	Жайлы және жайлы емес үйлер	1 тұрғын	1,1
2	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,13
3	Жатақханалар, интернаттар	1 орын	1,13
4	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	1,13
5	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын	0,4
6	Мекемелер, ұйымдар, банктер, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0,22
7	Емханалар	1 келіп кету	0,04
8	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	2,06

9	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	1,16
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар	1 отыратын орын	0,2
11	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1 м ²	0,13
12	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1 м ²	0,21
13	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	0,13
14	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер, базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1 м ²	0,8
15	Халыққа қызмет көрсету орталығы	Жалпы алаңы 1 м ²	0,22
16	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м ²	0,44
17	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, автожанармай құю станциясы, гараждар	1 машина-орын	0,11
18	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	2,3
19	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	0,23
20	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1 м ²	0,13
21	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1 м ²	0,26
22	Жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және тағы басқалар)	1 жұмыс орны	0,13

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

м² - шаршы метр;

м³ - текше метр.